

**«Медицина», «Стоматология» білім беру бағдарламалары
бойынша ақылы негізде оқуға түсетін азаматтар үшін
конкурсты өткізу тәртібі**

1. Ақылы негізде оқуға түсетін азаматтарды «Медицина», «Стоматология» білім беру бағдарламаларына (бұдан әрі - БББ) қабылдау **ҰБТ нәтижелері бойынша конкурстық негізде өткізіледі.**

2024-2025 оқу жылына арналған орындар саны:

- «Медицина» БББ бойынша - 500;

- «Стоматология» БББ бойынша - 200.

2. Конкурсқа мынадай талаптарға сәйкес келетін талапкерлер жіберіледі:

1) ҰБТ-ның ең төменгі шекті баллдары:

- «Медицина» БББ бойынша - 80 балдан кем емес;

- «Стоматология» БББ бойынша - 90 балдан кем емес.

Бұл ретте Қазақстан тарихы, екі бейінді пән (химия және биология) бойынша - кемінде 5 балл, Оқу сауаттылығы және Математикалық сауаттылығы пәндер бойынша - кемінде 3 балл.

2) психометриялық тестілеуден «Өтті» деген рұқсатнама болуы керек.

3. Конкурсқа қатысу үшін оқуға түсуші қабылдау комиссиясына **2024 жылдың 25 шілдеден 19 тамызға** дейінгі кезеңде мынадай құжаттарды тапсырады:

1) Өтініш;

2) Қосымшасы бар білім туралы аттестат / диплом (түпнұсқасы);

3) ҰБТ сертификаты;

4) Психометриялық тестілеу ведомосынан үзінді;

5) Жеке куәлік көшірмесі;

6) 075/у медициналық анықтамасы, флюорография суреті;

7) 3 x 4 см 6 фотосурет;

8) Басымдылық құқығын растайтын құжаттар.

4. Конкурсты қабылдау комиссиясы **2024 жылдың 20 тамызында** өткізеді. Конкурсты өткізу үшін ҰБТ нәтижелері оқу тілі мен азаматтардың санаттарына қарамастан олардың мөлшерінің кемуі бойынша сараланады.

5. Конкурс кезінде балдар тең болған жағдайда келесі тәртіпте басым құқық беріледі:

- «Алтын белгі» белгісімен марапатталған тұлғалар;

- патриоттық танытқаны және белсенді азаматтық ұстанымы үшін ерекшелік белгісімен наградталған тұлғалар;

- техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының білім туралы құжаттары бар, біліктілігін растаған және мамандығы бойынша кемінде бір жыл жұмыс өтілі бар тұлғалар;

- химия немесе биология бойынша халықаралық олимпиадалардың және ғылыми

жобалар конкурстарының (ғылыми конкурстардың) жеңімпаздары (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталған), олардың тізбесін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайды, сондай-ақ ағымдағы оқу жылының химия немесе биология бойынша президенттік, республикалық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының жеңімпаздары (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталған);

- жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, сондай-ақ кәмелеттік жасқа толғанға дейін ата-анасының қамқорлығынсыз қалған немесе қалған Қазақстан Республикасының жас азаматтары, бірінші және екінші топтағы мүгедектер, қатысушыларға және мүгедектерге жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша теңестірілген тұлғалар. Ұлы Отан соғысының мүгедектері, бала кезінен мүгедектер, медициналық қорытынды бойынша тиісті білім беру ұйымдарында оқуға қарсы көрсетілімі жоқ мүгедек балалар және үздік білімі туралы құжаттары (аттестат, аттестат, диплом) бар тұлғалар.

Бұл ретте ҰБТ балдардың көрсеткіштері бірдей болған жағдайда білім беру гранттары аттестатының, куәлігінің немесе дипломының орташа балдары жоғары тұлғалар өтеді.

ҰБТ балдардың көрсеткіштері бірдей болған жағдайда, сондай-ақ аттестаттың, куәліктің немесе дипломның орташа балдары бірдей болғанда бейіндік пән бойынша алған балдары ескеріледі.

6. Бірдей көрсеткіштер жағдайында басым құқық болмаған кезде конкурс бойынша ҰБТ балдарын білім туралы құжаттың жоғары орташа балдары бар тұлғалар өтеді.

ҰБТ балдарының көрсеткіштері бірдей болған жағдайда және басым құқығы болмаған кезде, сондай-ақ білім туралы құжаттардың орташа балдары бірдей болған кезде бейіндік пән бойынша алынған балдар ескеріледі.

7. Конкурс қорытындысы **2024 жылдың 20 тамызында** университет сайтында <https://kaznmu.edu.kz> жарияланады.

8. Конкусты өткен тұлғалар **2024 жылдың 23 тамызына дейін** қабылдау комиссиясына келіп, келісім - шарт жасап, оқу ақысын төлеуі қажет.

9. Конкурстан өткен азаматтарды оқуға қабылдау туралы бұйрық білім беру қызметтерін көрсетуге шарты және оқуға ақы төлемін жасалғаннан кейін шығарылады.

Егер талапкер 18 жасқа толмаған болса, құжаттарды тапсыру кезінде ата-анасының біреуі немесе талапкердің ата-анасынан нотариалдық сенімхаты бар заңды өкілі қатысуы тиіс.